

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 43)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Фотоаппарат	Сипаттама Тауар түрі: Фотоаппарат Камера типі: беззеркальная Жалпы МП саны: МП 25 МП тиімді саны: МП 24.2 Матрица өлшемі: APS-C Кроп-фактор 1.5 Матрица типі: CMOS Максималды рх ауқымы: рх 6000 x 4000 Кірістірілген төмен өткізгіш сүзгі ISO сезімталдығы: 100-32000 Кадр жиілігі: 11 кадр/сек Макс. түсіру сериясы: 116 JPEG түсірілім, 46 RAW түсірілім Таймердың жұмыс уақыты 10, 5, 2 с Режим Time-lapse бар Режим Live View бар ЖК-экран 921600 точек, 3 дюйм ЖК-экран типі: бұрылатын, сенсорлы Выдержка, сек. 30 - 1/4000 Выдержка X-Sync 1/160 Экспокоррекция +/- 5 EV қадам 1/3 сатылы Экспозиция өлшемдері центровзвешенный, мультizonный, нүктелі экспозиция брекетингі бар автофокус типі гибридык фокусировка нүктерінің саны 425 карт памяти саны 1 карт памятинің типі: бір слот: SD / SDHC / SDXC / Memory Stick Duo Hybrid (UHS-I) Сурет форматы JPEG, RAW Интерфейсы Wi-Fi, USB, Bluetooth, HDMI, NFC, микрофон тетігі, пульт өлшемі ДУ Тип USB USB-C Видео түсірілімінің форматы AVCHD, MP4 Видеокодеки AVC/H.264, MPEG4 Видеоның максималды көлемі 3840x2160 Кадр саны FullHD 120, 4K 25/30	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік

және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі: 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін

